

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН «ОЗАТ»
МЕКТЕП-ИНТЕРНАТЫ КММ

Тақырыбы: Қазіргі Қазақстанның болашағы
жастардың көзімен

Орындаған: Санакова Саяна Оразкановна

Жетекшісі: Абеугали Акбота Бакытжановна

2017 жыл

«Еркін елде өскен ұрпақтың рухы әрдайым биік болуы тиіс. Жастары жалын жүректі, өршіл намысты, биік рухты болса – ол елдің еңсесі де биік болады.

Өршіл, намысшыл жас отаншыл, патриот келеді, халқына, өз ұлтына адал қызмет етуге ұмтылады».

Н.Назарбаев

Жоспар

I. Кіріспе.....
II. «ЭКСПО 2017» және Қазақстан.....
III. Менің елім – мәңгілік ел.....
IV. Мен тәуелсіз елдің ұрпағымын.....
V. Туған елімнің патриотымын.....
VI. Менің сүйікті Қостанайым.....
VII. Болашақ-жастардың қолында.....

Зерттеудің міндеттері: Жастық - ол ізденістің бастауы, осы жаста ғана адам өзінің күшіне сеніп, тауды да қопарып тастайтындай болып көрінеді, барлық істе - спортта, саясатта, бизнесте болсын көшбасшылық танытады.

Зерттеудің міндеттері: Кез келген ел өзінің келешегін өскелең ұрпағымен байланыстырады. Әр ұрпақтың пешенесіне жазылған заман ағымы, кезең тынысы болады. ХХІ ғасыр бүгінгі ұрпаққа, яғни біздерге бұйырған бақыт деп ойлаймын.

Зерттеудің дерек көздері: Еліміздің ертеңі, мемлекетіміздің болашағы. Бүгінгі жас – ертеңгі ел тізгінін ұстайтын ел ағасы. Бүгінгі алдыңғы толқын аға буынның орнын басар, ізін жалғастырар артында өсіп келе жатқан жастар екені даусыз. Еліміздің ендігі дамуы мен өркендеуі, келешегі жастарға тікелей байланысты. Әрі білімді, бәсекеге барынша қабілетті, сонымен қатар дені сау яғни салауатты өмір салтын ұстануы алғы шарт болып табылады. Ұлы Мағжан Жұмабаев айтқандай, «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, қырандай күшті қырағы- Мен жастарға сенемін» дегендей, бүгінгі қоғам, қазіргі нарық бәсеке заманын талап етіп отыр. Жүректерінде жалыны, бойларынан күштері бар жиырма бірінші ғасырдың жастары күнделікті өзгеріп жатқан өмірге, құбылыстар мен жаңалықтарға шошып қарамай, батыстың қитұрқы өміріне еліктемей, «жақсыдан үйреніп, жаманнан жиреніп» жатса, бұл керемет болар еді.

Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың «Еліміздің келешегі жастардың қолында» деген сөзі жастарымызға қандай жауапкершілік жүктеп отырғанын айқын көрсетеді. Ел ертеңі-бүгінгі ұрпақ екенін үнемі жадында сақтайтын жастар Пентіміздің бағыт-бағдар берген сара жолмен ілгері басып келеді. Жас ұрпақты талапты да тапқыр, талғампаз да терең ойлы, төзімді де табанды етіп тәрбиелеу – біздің басты мақсатымыз.

Зерттеу әдістері:

-Зерттеуді баяндау, жинақтау, саралау әдістері басшылыққа алынады.

Зерттеу жаңалығы:

Жер анамызды алақанымызға салып аялайық! Қалай биіктен көрінеміз. Әр үйдің кірпішін өзіміз қалайық.

Дүниежүзінде Қазақстандықтардың орыны болуы! Біз өз қолымызбен көгалдандырамыз. Біз біргеміз, берік іргеміз.

Әлемге қалай таныламыз. Қай мемлекеттің болсын ертеңі – білімді жастардың қолында екені даусыз. Сондықтан, ата-бабамыз «Бұлақ көрсең көзін аш» деп, тегін айтпаса керек.

Кіріспе

Кез-келген ел өзінің келешегін өскелең ұрпағымен байланыстырады. Әр ұрпақтың пешенесіне жазылған заман ағымы, кезең тынысы болады. Қайсар рух пен қара күшті қару етіп, еркіндік үшін күрескен бабаларымыздың ерлік жолындағы күресі бүгінгі таңда айбыны аспан тіреген тәуелсіздік тұғырын биіктетті. Жұмыр жердің иен бөлігін иемденіп, жер көлемі жағынан дүниежүзі бойынша тоғызыншы орында тұрған Қазақстан Тәуелсіз Республикасы деген атақты бұдан аттай жиырма алты жыл бұрын күллі адамзаттың санасына құйды. Қазіргі таңда қазақ елі жан-жақты өркендеп, дамып келе жатқан алып елге айналып жатыр. Сондай елдің төсінде өмірге келіп, қазіргі таңда өмір баспалдағынан өз жолын таңдағалы отырған мен сынды перзентке тәуелсіз елімнің болашағы жастар екені, солар жайында ақ қағазбен тілдесу бұйырған сынды.

Жастар еліміздің әлеуметтік, экономикалық және қоғамдық өмірдің барлық салаларына қатыстылығы жағынан алғанда, болашағы зор қоғамның маңызды бөлшегі. Қазіргі таңда жаңа көзқараспен қарайтын жалынды жастардың еліміздің жаңару үдерістеріне белсене қатысып келеді. Еліміздің бүгінгі жастары жаңа жағдайда заманауи мемлекеттің жасап жатқан сындарлы саясатының арқасында алысқа қол сермеп, әлемдік деңгейдегі ұстанымды игеріп, келешектің кілтін өз қолдарына алуда.

Үкілі үміт таймасын халқым басыңнан,
Мол бақыт күтем жас ұрпақ сенен жасырман.
Басқаны қайдам ұлылық күтем өз басым,

Басталған мынау бәйтерек жаңа ғасырдан-деп, жаңа даму ғасырынан үлкен үміт күтетін, жастарға бұйырғанын айтады. Сол сияқты мен өз елімнің болашағына зор үмітпен қараймын. Алдағы мақсатым, мектепті жақсы бағамен бітіріп, өз отаныма еңбек етіп, өскелең ұрпақты тәрбиелейтін ұстаз болу.

II. «ЭКСПО -2017» және Қазақстан

ЭКСПО-2017 — Қазақстанның елордасы Астана қаласында Халықаралық көрмелер бюросымен (ХКБ) ұйымдастырылатын Халықаралық көрме. Көрме 2017 жылдың 10 маусым мен 10 қыркүйек дейін аралығында өтеді. Ұйымдастырушылармен таңдалған тақырып *Future Energy* (Болашақ қуаты) болып табылады. EXPO-2017 көрмесіне 115 мемлекет және 22 халықаралық ұйым қатысты. Көрмені тамашалауға 3 млн адам келді. Көрменің ең басты нысаны - әлемдегі биіктігі 100 метрге жететін, ең үлкен сфера тәрізді ғимарат "Нұр-Әлем" боған еді. Елдігімізді танытқан ерекше көрме. Н.Ә.Назарбаев көрменің Қазақстан экономикасын дамытуға мультипликативтік тұрғыдан оң әсер еткенін ерекше атап өтті. Шағын және орта бизнестегі 1400-ден астам кәсіпорын құны 640 миллиард теңге болатын тауарларды жеткізуге және қызмет көрсетуге тапсырыс алды. Туристік сектор жандана түсті. Туроператорлардың қызметіне деген сұраныс 1,9 есе артты. Астанада кәсіпкерлік субъектілерінің саны 15 пайыздан аса көбейді. Елорда бюджетіне қызмет көрсету саласынан түскен салық 1,3 есе өсті. Қазақстанның астанасы бүкіл әлемнің назарын өзіне аударды,-деді Елбасы. Мемлекет басшысы көрме аясында өткен мәдени және халықаралық шараларға тоқталды. Күн сайын елордамыз төрткүл дүниенің түкпір-түкпірінен жеткен түрлі мәдениеттің әуені мен нақышына бөлініп тұрды. Бүгінгі салтанатты рәсім Ислам ынтымақтастығы ұйымының ғылым және технологиялар жөніндегі саммитімен тұспа-тұс келіп отыр. Онда ислам әлеміндегі ғылыми-технологиялық дамудың маңызды мәселелері талқылануда. Жалпы, ЭКСПО аясында 6 мыңнан астам түрлі іс-шара өткізілді,-деді Нұрсұлтан Назарбаев. Қазақстан Президенті еліміздің Еуразия өңіріндегі қауіпсіз әрі қарқынды дамып келе жатқан мемлекет ретіндегі оң имиджін нығайта түскенін атап өтті.

Мемлекет басшысы "Болашақтың энергиясы" аясында озық идеялар мен технологиялардың дамуына түрткі болған және әлемде ғылымның өзара ықпалдастығын нығайтуға септігін тигізген көрменің бірқатар жағымды аспектілеріне тоқталды. ЭКСПО бүкіл әлемнің интеллектуалдық және технологиялық әлеуетін көрсетуге зор мүмкіндік берді. Мұнда жаңартылатын энергия көздері саласындағы 140-қа жуық ғылыми жаңалық көпшілік назарына ұсынылды,-деді Президент. Сонымен қатар, Қазақстан Президенті ЭКСПО аясында қазіргі заманғы энергетикалық саясаттың басымдылықтары жөнінде жаһандық диалог ұйымдастырылғанын және энергетика мен экология саласындағы заманауи проблемаларды шешуге арналған ұсынымдар әзірленгенін атап өтті. ЭКСПО көрмесін өткізу арқылы біздің ел "жасыл" технологияларды дамыту идеясына берік екенін тағы да дәлелдей түсті. Жалпы, біздің көрме "таза энергетиканы" жаһандық деңгейде дамытуға айрықша үлес қосатынына сенімдімін,-деді мемлекет басшысы. Сонымен бірге, Н.Назарбаев ЭКСПО инфрақұрылымын көрмеден кейін пайдалану жоспары жөнінде ой бөлісті. "Нұр Әлем" және көрме тақырыбы көрініс тапқан басқа да бірқатар павильондар "ЭКСПО мұрасы" ретінде сақаталады. Көрменің аяқталуы бірнеше ауқымды жаңа жобаларды бастауға мүмкіндік береді. Ең алдымен,мұнда "Астана" халықаралық қаржы орталығы орналасады. Ол қаржы хабына, инвестиция тартатын орталыққа айналып,халықаралық қаржы жүйесінде лайықты орынға ие болуға тиіс,-деді ҚР Президенті. Сондай-ақ,Мемлекет басшысы "жасыл" технологиялар мен инвестицияларды дамыту жөніндегі халықаралық орталықты және IT-стартаптар халықаралық технопаркін құруға арналған жобаларға тоқталды. "ЭКСПО" көрме кешені толығымен инновациялық және орнықты дамудың мақсаттарына одан әрі қызмет етеін болады.Баршаңызды жаңа орталықтардың жұмысына белсенді атсалысуға шақырамын,-деді Нұрсұлтан Назарбаев. Соңында Қазақстан Президенті көрмені өткізуге үлекс қосқандардың бәріне алғыс айтып, келген қонақтарға ерекше ризашылығын білдірді. Осымен халықаралық "ЭКСПО-2017" мамандандырылған көрмесін жабық деп жариялаймын! Оның идеясының толығымен

жүзеге асуына қолдау көрсеткен Қазақстан халқына ризашылығымды білідремін. Көрменің сәтті өтуіне мыңдаған адам атсалысып, еңбек етті. Баршаңызға Қазақ жеріндегі айтулы шараға белсене қатысқандарыңыз үшін алғыс айтамын,- деді Мемлекет басшысы.

«ЭКСПО-2017» көрмесінің 7 кереметі:

- 1. «Нұр Әлем» павильоны** — «Астана «ЭКСПО-2017» көрмесінің басты ғимараты. Көлемі 80 метрді құрайтын, биіктігі 100 метр әлемдегі бірден бір шар тәріздес ғимарат. Құрылымның қас бетінде күн энергиясын электр қуатына түрлендіретін фотовольттық элементтердің бірігуі ойластырылған. Сфераның үстінде екі желайдағыш генератор орнатылған. Ғимарат үстіндегі шолу алаңына лифт арқылы көтеріліп, бүкіл ЭКСПО ауданына ашылатын әдемі көріністі тамашалауға болады. Ұлттық павильонның ішкі инсталляциялау және жабдықтау жұмыстарын дүние жүзіне белгілі швейцариялық, италиялық, германиялық фирмалар жүзеге асырған. Аталмыш ғимарат көрме өткен соң инновациялық және ғылыми-зерттеу орталығына айналады.
- 2. Үздік тәжірибелер аймағы** — Болашақ энергиясына қатысты озық технологияларды ұсынатын ЭКСПО-2017 көрмесінің басты тақырыптық павильондарының бірі. Мұнда 13 елден үздік 24 жоба іріктеліп алынды. Жалпы аумағы 2564 шақырым метр құрайтын 2 қабатты ғимарат түріндегі павильон бес тақырыптық аймаққа бөлінген: жаңғыртылатын және баламалы энергия, энергиялық тиімділік пен дәстүрлі энергия, энергияны сақтау, энергияны үлестіру, табиғи энергетикалық ресурстарды қолдану. Нақ осы жерде сіз күн-қозғалтқышы арқылы жұмыс істейтін Solar Impulse ұшағы мен био отын көмегімен жұмыс істейтін «Формула Е» жарыс автомобилін көруге болады.
- 3. Экспо мұражайы** жиналған бүкіл 166 жылдық тарихы бар экспонаттар — бұл ғажайып және технологиялық прогресс кезеңдеріндегі уақыт саяхаты. ЭКСПО-ның дәстүрлі бастауы 1851 жылы Лондон қаласында өткен Халықаралық көрмесі болды. Ол Гайд саябағында өтті және оның негізгі тартуы темір мен шыныдан жасалған хрустальды сарай болды. 1889 жылғы Парижде өткен Дүниежүзілік көрме Францияға өзінің символын сыйлыққа берді — ол Эйфель мұнарасы. Аталмыш көрмеде революциялық технологиялық инновациялар енгізілді. Олар: автомобиль, телефон, компьютер, IMAX, электрондық микроскоп.
- 4. Цирк көрмеге орай арнайы** — REFLEKT шоуын дайындады. Цирк ұжымы 3 ай аралығында күн сайын көрермендерді өнерлерімен тәнті етпек.
- 5. Әлем асханасы — бір орталықта.** Көрмеге қатысушы 115 ел көрермендерге тек қана сыйлықтар ғана емес ұлттық тамақтарын да ұсынады. Сондықтан, ЭКСПО – сүйікті тағамдарыңыздан дәм таттырып, жаңа нәрсені байқап көруге мүмкіндік береді.
- 6. Ватиканның тосын сыйы**
- 7. Көрменің ашылу салтанаты.** Көрменің ашылу салтанатына келе алмай қалған көрермендердің мұнаюына ешқандай себеп жоқ. Өйткені көрменің шымылдығын ашатын «Ұлы дала симфониясы» атты театрландырылған шоу бағдарламасын бес рет көруге мүмкіндік бар. Шоу 600-ден астам өнерпаздың қатысуымен амфитеатрда өтеді.

III. Менің елім – мәңгілік ел

Әрбір адам үшін ең асыл қазына- отанын, туған елін сүю. Халық батыры Бауыржан Момышұлы былай деген екен: «Біздің тарихымыз батырға бай тарих, халқымыз батырлықты биік дәріптеп, азаматтық пен кісіліктің символы, үлгісі санаған. Батырлық , ерлік деген ұрпақтан ұрпаққа ата дәстүр болып қала бермек. Өткенін білмеген, тәлім — тәрбие, ғибрат алмаған халықтың ұрпағы — тұл, келешегі тұрлаусыз. Біздің қазақ халқы — батыр халық». Қазақ халқын құрып кету қаупінен сақтап қалған, жерін жауға бермей, ұлан байтақ өлкесін қазақ еліне мәңгі қоныс ету мақсатында жарғақ құлағы жастыққа тимей, елім деп еңіреп өткен хас батырлар қаншама десеңізші! Бұлардың ерлігі біздерге қашан да болса өнеге болмақ. Әрбір адам біздің мемлекетімізге, соның бай да даңқты тарихына, оның болашағына өзінің қатысты екенін мақтанышпен сезіне алатындай еңбек етуі қажет. Отаншылдық сезім ертеден қалыптасқан, ескірмейтін, мәңгілік, қасиетті ұғымды Отанға деген сүйіспеншілік, бойындағы бар күш – қуатын, ерік-жігерін Отан игілігі мен мүддесіне аямай жұмсау, туған жерін, қасиетті ана тілін, елдің әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін құрметтеу деп түсінемін.

Әрбір адам бала кезінен «Қазақстан – менің Отаным, мен үшін жауапты екені сияқты мен де ол үшін жауаптымын» деген қарапайым ойды бойына сіңіріп өсуі тиіс емес пе? «Қазақстан- біздің ортақ үйіміз, біздің өзіміз де, біздің бабаларымыз да осы жерді мекен етеді. Егер біз өзіміздің өмірімізді, туған жеріміздің қадірін білер болсақ, оны жасампаздықпен жаңғыртып, бой көрсеткен әрбір талшыбықты мәпелеп өсіріп отырмасақ, онда біз өзімізді нағыз патриот деп санай алмас едік. Ұстаздарымыз айтқандай адамгершілікті, тәрбиелі адам – кез келген мемлекеттің байлығы, әлеуметтік өмірдегі бейбітшілік пен мәдениеттіліктің кепілі. Олай болса ең алдымен тілімізді, дінімізді, салт — дәстүрімізді білсек, тіл — қазақ болуымыз үшін, дін — адам болуымыз үшін, салт – дәстүр — ұлт болуымыз үшін қажет. Елбасы Н.Назарбаев атамыз біз өмір сүріп отырған мекенге қаншама жақсы жағдайлар жасауда. Біздердің сауатты болып өсуімізге, сапалы білім алып елді өркендету, қызмет ету үшін бағыт беруде. Елімізде көптеген ұлт өкілдері тұрады. Олар өзара тату-тәтті өмір сүруде.Еліміздегі ынтымақ, бірлік, достықты мақтан етуге тұрарлық. Ынтымақ бар жерде бақыт бар.Біз бақыттымыз.Қазақстан Республикасы – өзінің тәуелсіз мемлекет екендігін бүкіл әлемге дәлелдеді. Енді басты міндет – осы мемлекеттің өркендеп өсуі болса Қазақстанды – Отаным деп таныған әрбір азаматтың осыған өз мүмкіндігінше үлес қосуы тиіс деп ойлаймын. Туымызды, Елтаңба, Әнұранымызды тұмардай қасиет тұтсақ деймін. Нұрсұлтан атамыздың рәміздер жайлы айтқан ойтолғамын оқығанымда қатты толқыдым. «Тудың түсін дәл табу оңай болған жоқ. Зеңгір көк түстің мағынасы өте терең. Мұнда біздің ашық аспанды, яғни бейбіт күнді айшықтайтын кіршіксіз көңіліміз бар, мұнда көкті тәңір тұтқан ата-бабаларымыздың арман-аңсары бар, мұнда біздің халқымыздың біртектілігін, мемлекетіміздің бөлінбейтінін білдіретін ұлы тұтастық идеясы бар.

Мына алтын күн алаулаған зеңгір аспанның аясында баяу қалықтаған дала бүркіті- қазақтың қыран көңілін, дарқан да ақ, бітімшіл бейбіт көңілін шырқау биікке алып шыққандай. Мазмұнына өрнегі жарасқан тәуелсіздіктің қасиетті Туы мәңгі желбіресін, күніміз мәңгі сөнбесін! Қазақ өмірінің ұлы белгісі-шаңырақтан тараған таң шапағындай уықтар аясындағы ай мүйізді, алтын қанатты ғажайып пырақтар халқымыздың болашаққа ұмтылған асқақ арманның бейнесіндей болып көрінеді.Қос пырақтың ортақ шаңырақты қанатымен қорғап тұрғаны да көп ой салады.Елтаңбада ұлы идея-Еркіндік идеясы біздің есімізге қазақтың: «Отан үшін күрес-ерге тиген үлес» деген қанатты сөзін еске салып тұратын болсын», -деген.

«Біздер Қазақстандықтар — бір халықпыз! Біз үшін ортақ тағдыр – бұл біздің Мәңгілік Ел, лайықты әрі ұлы Қазақстан! Осындай елде туылып, өмір сүргенімді мақтан етемін.Отан алдындағы парызым-ұлы жауапкершілікпен білім алып, елдің өркендеуіне өз үлесімді қоссам деймін. Қазақ хандығының 550 жылдығы- ұлтымыздың рухы мен мемлекетіміздің мерейі үшін ерекше оқиға. Сыр бойы-қазақ даласында дәуірлеген мемлекеттер ту тігіп,астанасын салған қасиетті жер. Мұнда Сақ мемлекетінің ордасы,әрі

көне қала мәдениетінің орталығы-Шірік-Рабат шахары, Оғыз мемлекетінің астанасына айналған Жанкент, Қыпшақ және Қазақ елінің астанасы болған Сығанақ қаласы салынған. XX ғасырдың басында, Қазақ елінің алғашқы астанасы болған бүгінгі Қызылорда қаласының киелі Сунақата ауылында тұрамын. Сыр бойы-бүкіл түркі халықтарына ортақ абыз, бүгінгі Мәңгілік ел идеясының бір тамыры өзінен бастау алатын, ойшыл, мәңгілік өмірдің кілтін руханияттан тапқан сазгер, ыспалы музыкалық аспаптардың атасы Қорқыт бабамыз өмір сүрген, мәңгілік мекен еткен киелі топырақта дүниеге келгеніме шүкір деймін.

ІҮ ғасырдың 70- жылдарында Қазақ хандығы Сырдария бойымен жүріп отырып, Қаратаудың бөктерін иеленді. Хандықтың жері кеңейіп, оған түкпір-түкпірден туыс рулар келіп қосылып жатты. Қазақ хандығының құрамына алғаш қосылғандардың қатарында Сырдың жағасындағы Созақ пен Сауран қалалары бар еді. Қасым хан жас мемлекеттердің астанасы етіп, Сығанақ қаласын тандаған. Соның нәтижесінде тоғыз жолдың торабында орналасқан Сыр елінің қалалары көркейе түсті. Ал Тәуке ханның тұсында Сыр бойындағы қалалардың саны 32-ге жетті. Жоңғар шапқыншылығына зардабын тартқан халық тұс-тұстан ауып келіп, алты Алаштың табан тірері-Сыр бойын паналаған. Сондықтан да, сыр өңірі қазақ хандығының рухани-мәдени орталығы ретінде ұлтқа пана болған, Ұлы даланың киелі мекені ретінде танылады. Елбасының Сырды Алаштың анасына балайтыны да сол себептен болар. Тарихи тағдырымызға жүздеген жылдық күрделі кезеңдері үшін, бізге дейінгі және келешекке ең асыл мұра болып қалған Ұлы Отанымыз-Тәуелсіз Қазақстан үшін рахмет деймін.

Ендігі міндет - бабалар аманатына адал болып, Ұлы Дала елінде тәуелсіздікті мәңгі ету. Келешекте елімді көркейтуге тер төгемін, адал қызмет етемін. Ә. Асылбеков ағамыздың сөзіне жазылған «Қазақ елі осындай» әнін үлкен сахналарда шырқап, Мен-мәңгілік елдің перзентімін, Менің елім-Қазақстан деп мақтана бергім келеді.

ІҮ. Мен тәуелсіз елдің ұрпағымын

Қазақстан, Қазақстан алтын күн,
Жанымызды жарылқайтын жарқын күн.
Аталдың сен барлық әлем тілінде,
Атыменен қазақ деген халқыңның.

Қазақстан елім менің берекем,
Татулыққа тұтқа болған жыр мекен.
Жер жаһанға шашу болып шашылсын,
Арайланған Тәуелсіздік мерекем.

«Қазақстан» деген жалғыз ауыз сөздің құдіреті мен қасиетін осы жерде туған және осы өлкеде өскен әрбір азаматтың сергек сезінуі парыз. Бұл сөз біздің қанымыз бен жанымыздың ажырамас бір құрамды бөлігі. Қазақ жері, қазақ елі біздің ата-бабаларымыздың кейінгі ұрпақтарға қалдырып еткен баға жетпес байлығы және асыл мұрасы.

Біздің ата шежіреміз ғасырлар бойы Ресей тарихының құрамды бөлігі болып келді, солай хатталды да. Жаңа Тәуелсіздік заманда өз халқымыздың тарихын өзіміз жазып, жаңа егемендік ел, халық тұрғысынан жазуға мүмкіндік алдық. Әрине тәуелсіздік бізге оңайлықпен келген жоқ. Қазақ халқының небір қайтпас қайсар батырларының жасаған ерліктерін оқулықтардан оқып білудеміз. Елім, жерім деп жаудан ұлтарактай жері үшін, небір қазақтың батырлары өз өмірлерін қиып, қанды шайқастарда қаза болды.

Біз үшін қай замандағы тарихымыз болмасын қымбат, айтулы кезеңдерде ту ұстаған бабаларымыздың барлығы да құрметті. Исатай, Махамбеттер патшалық Ресейдің озбыр саясатына қасқайып қарсы тұра білді. Сан зұлматты өткерген еліміз ұлт-азаттық

көтеріліске келгенде де тосылып қарап қалған жоқ. Бұл күрестер азаттық үшін өткен сан күрестің соңы емес еді. Елін, жерін жау аяғына тапталмай, сол туған жерінің қарсы қадамы үшін басын өлімге тіккен аталарымыздың бойындағы ерен күш, биік рухқа әр кез таңданамын. Аталарымыздың сол қасиеті елге- мұра, ұрпаққа-ұран болып келе жатыр. Ұлт –азаттық көтерілістер, Ұлы Отан соғысы мен желтоқсан оқиғалары, соғыстың қатал сынағынан өткен жандардың жанқиярлық ерлігі арқасында, біздің барлығымыз өмір сүру бақытына ие болдық.

Желтоқсан оқиғасы біздің жадымызда. Біз оны көрмегенмен, үлкендер мен апайларымыздың айтулары, теледидардағы деректі фильмдерден жақсы білеміз. Алматының алаңында өткен желтоқсан қырғынының жазықсыз жаласына ұшыраған «қасқалдақтай қаны, бозторғайдай жаны» бар жанкешті жаужүрек жас Қайраттай ағаларымыз болды. Қайрат, Ләззат сияқты аға-апаларымыздың желтоқсанның ызғарында жасаған ерліктерімен, олардың аттарын атамай кетпеуге болмайды. Желтоқсанның ызғарына тоңып, тас қараңғы тас қамалда, Қайрат ағамыздың жазған өлеңдерін оқығаныңызда өлеңдері «Мен қазақпын» деген әрбір жастың, әрбір адамның, жанына күш-қуат беріп патриоттық сезімін оятары анық.

Халықта мақал бар: «Өскен ел тарихын таспен жазады, өшкен ел тарихын жаспен жазады» Біздің халық тарихын ғасырлар бойы жаспен жазып келеді. Тәуелсіздік жолы-азаматтық жолы. Тәуелсіздік келді, енді бәрі болады, бәрі орнына өзінен- өзі толады деп, жігерінді құм етуге болмайды. Абай ата айтқандай, мал табу жолына түсу керек.

Тәуелсіздік жолы- азамат жолы. Егемен елдің азаматы- арлы, зейінді, пейілді, патриот жан. Тәуелсіздік жолы- үміт жолы. Біз бостандық алған елден күтеріміз аз емес. Біз тәуелсіздіктен ең алдымен жарқын болашақ күтеміз, кейінгі ұрпақтан ата- баба аңсаған игі мақсатының орындалуын күтеміз.

Самұрық құс көлбей қағып қанатты,

Қонды келіп Бәйтерекке даракты.

Шаңқылынан бүкіл дүние оянып,

Елімізде Тәуелсіздік таңы атты.

Біз тәуелсіздіктен аға ұрпаққа әлеуметтік қорған болуын күтеміз. Басқаша айтқанда, біздің ата- бабамыз аңсаған заман тәуелсіздікпен байланысты. Жаңа ХХІ ғасырға бет алған сәтте нарықты экономиканың құдіретін де көруіміз керек. Біз осындай қоғам жасайтын болсақ қана тәуелсіздік баянды болады. Біз қазақ, ғасырлар бойы жоқ іздеген халықпыз. Біздің жоғалтқанымыз ең асылымыз- тәуелсіздік еді. Біз тәуелсіздікті іздеп соқпақпен де, сүрлеумен де, жүрдік кейде жолға түскендей болдық, бірақ тығырыққа тіреле бердік. Осыдан 20 жыл бұрын түскен жолымыз даңғыл болды. Ол тәуелсіздік даңғылы. Тәуелсіздік сапары тәуекелді керек етеді, жол көлігі керек, жол серігі керек, жол азығы керек, алыс жолға тәуекел етер жүрек керек, тірек керек жол бастайтын көсем керек. Біз тәуекел қайығына міндік, тәуелсіздік даңғылына түстік, 20 жылда басқа халықтар ғасырлар бойы өткен жылдан өттік. Біздің тәуелсіз ел болғанымызға -20 жыл. Тәуелсіздік- тәу етер жалғыз кие. Дүниедегі тәуелсіздікті, бостандықты, теңдікті аңсамайтын адам да, халықта жоқ. Біздің егемендігіміз бен тәуелсіздігіміз- тек бір ұрпақтың ғана еңбегі емес, барша ұрпақтардың еңбегі. Басты мұрат- қолымызға қиындықпен түскен тәуелсіздік туына мейлінше бекем болу.

Тектілердің тұяғы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың ерен еңбегінің арқасында халқымыз- тыныштықта, Отанымыз еркіндікте. Аз ғана жылда аспанның астын жайнатып, Астана- шаһарын тұрғызды. Елдің бірлігі артып, берекесі кірді. Іргеміз тыныш. Түндеріміз- бейбіт. Күндеріміз нұрлы.

Мектеп оқушысының қолынан не келеді деп ойлауларыңыз да мүмкін. Теледидарда Елбасы Нұрсұлтан атамыз айтқандай, елдің болашағының көркейіп, гүлденіп одан әрі дамып, өркендеуі біздің қолымызда. Яғни болашақтың жастары мына біздер, бүгінгі бүлдіршіндер мен жас ұрпақтар. Елімізді әлемге танытып, Елбасымыздың жолдауындағы жұмыстарды атқару үшін, алдымен жақсы білім алып, тәлімді тәрбиелі болуымыз қажет.

Әрбір адам өз алдына мақсат қояды. Менің де өзімнің алдыма қойған үлкен мақсаттарым бар. Мектептен жақсы білім алып одан әрі білімімді жалғастырып, елім үшін еңбек ету. Қазақта «бақыт» деген ұғым бар. Мен бақыт дегенді былай түсінемін. Ол- сенің тәуелсіз Отаның, Ұлы тұғырың. Бақыттың кіндігі- Отан.

Елімнің көркейіп, гүлденуіне өз үлесімді қосып тәуелсіз елім үшін, отаным үшін, елімнің тыныштығы мен сәбилердің күлкісі үшін, бар өмірімді күш- қуатымды жұмсап жұмыс жасасам. Еліме пайдамды тигізіп, халқым үшін еңбек етсем менде одан артық бақыт болмас еді. Аға- апаларымыздың қиындықпен өздерінің жас өмірлерін қиып алып берген тәуелсіздіктің туын, біздер әрдайым биік ұстауымыз керек, әрдайым биік ұстаймыз да дегім келеді.

Менің елім, менің жерім, жыр етемін тамсанам,
Еліміз біз де ғасыр бойы тәуелсіздік аңсаған.
Көк байрақтың астындағы шуақтанған арайлы,
Қуанышын мол бақытын сыйлайтындай таң саған.

Бізге өз тәуелсіздігіміз қымбат. Неге дейсіз ғой? Ол бізге қымбат- ата- бабаның рухын көтергені үшін! Ол бізге қымбат- сөнген мемлекетіміздің отын маздатып жандырғаны үшін! Ол бізге қымбат- елімізді қатарға қосып, әлемдік қауымға ендіргені үшін! Ол бізге қымбат- ата тарихымызды, ана тілімізді, дінімізді, ділімізді қаз- қаз тұрғызып «қазақ» деген атауға қан мен жан кіргізгені үшін! Ол бізге қымбат- «Отан» деп жүрегімізді қақтырғаны үшін! «Елім» деп елеңдетіп, «жерім» деп желпінтіп, барша алпыс екі тамырымызды игізіп, ата жұртын сүйдіргені үшін!

Жиырма алты!
Тәуелсіздік елімде,
Бақыт құсы самғап ұшты көгімде.
Қазақ деген ғажап халық қашаннан,
Көк бөрінің ұрпағымыз тегінде.

Тәуелсіздік ақ батасы атамның,
Күлімдейді менің Байтақ Отаным.
Жан жылытар сәбидің шат күлкісі,
Қашаннан қалған сынығымын мұраның.

Тәуелсіз қазақ елінің Ақордадай «Астана» атты рухани тұғыры бар. Ол бірлігімізді, тірлігімізді әлемге айшықты айғақтап тұр. Астана- тәуелсіздіктің тақ- тұғыры. Қазақ елінің дербес ел болуына орай байтақ та бағалы елден бата алған Нұрсұлтан Әбішұлындай Елбасының ел билігін ұстауы, біз сияқты ұрпақтарының бағы деп білемін. Тәуелсіздік тұғырын тарихи ерлікке жалғастырған Елбасымыздың парасаттылығы, ойшылдығы деп түсінемін. Елорда бірліктің, ерліктің арқасында қарыштап дамудың айқын дәлелін көрсетті, әрі бүкіл әлем назарын өзіне аударды. Сондықтан тұғырлы тәуелсіздік елдің тұғыры биік, бірлігі бекем, ерлігі ерен болуына тамшыдай болса да өз мүмкіндігімізше үлес қосу үшін, білімді терең меңгеруге ұмтылудамын. Санам- сақ, халқымның- жақ боларына сенемін. Өйткені, мен тұғырлы тәуелсіз елдің тұяғымын. Халқымыз «тайында тасқа байла» деген. Тағдырдың тас қамалын бұзуға, білімді, өнерлі болуға күш- жігерімді жұмсаймын.

Бүгінгі таңда осындай бақытты, барша әлемге үлгі бола алатын елде тәрбие, білім алып жатқанымға өте ризамын. Тек әрдайым еліміз аман, аспанымыз ашық, көк байрағымыз биікте желбіреп, жас ұрпақ өз елінің патриоты болып, әрқашан Қазақстанды мақтан тұтсын деймін.

Аспаныңда жарқырайды арай күн,
Бұлтыңа да қызығумен қараймын.
Болғаннан соң тәуелсіз, ел түлегі,
Мен өзімді бақытты қыз санаймын.

Менің елім- Қазақстан! Осынау құдіретті сөзді біздің елдің әрбір азаматы асқак сезіммен, ерекше мақтанышпен айта алары хақ.

ҮІ. Туған елімнің патриотымын

Патриот–Отанның мерейін үстем ету жолында, өз халқына деген сүйіспеншілігі жолында колда барын, өмірін аямайтын адам.

Мен өз елімнің патриотымын. Алдымен «патриот» деген кім, ол қандай адам деген сұраққа анықтама беріп кеткенім жөн болар. Патриот – ұлтын сүйетін, өз тарихын, туған тілін құрметтейтін, ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан салт – дәстүрін дәріптейтін, ұлттық қадір – қасиетімізді арттыруға үлес қосатын саналы тұлға. Туған елі үшін үнемі тер төге қызмет етіп, халқымыздың мол рухани құндылықтарын бағалай білетін асыл тұлға.

Патриоттық тәрбие, ең алдымен, әрбір жеке тұлғаның ата – анасын, туған – туыстарын жақсы көруден басталады емес пе?! Өз баласына жақсы тәрбие беру кез келген адамның міндеті, мейлі ол мұғалім, мейлі ол жұмысшы, дәрігер, не тағы басқа маман иесі болсын қоғамда парасатты, адамгершілігі жоғары бала тәрбиелеу кез келген адамның міндеті болуы тиіс. Тату тірлік пен ауызбірлік жылы ұямызға арқасын кең жайғанда адамгершілік атты асыл қасиеттердің адам бойына нық қонатынына, әрине, еш шүбә жоқ. Абай атамыз айтқандай, бүгінгі жастардың дүниенің кетігін тауып, қалануды көздеу, қоғамдық өмірден қол үзбей, өз елін сүюге, өз елінің тұрмыс – тіршілігін, салт – санасын, әдет – нұрпын білуге тәрбиелеу – нарықтық кезеңде маңызды жоғары тұрған зор міндеттердің бірі деп ойлаймын. Осы тәрбиенің ең маңыздысы – балаға патриоттық тәрбие беру.

Халқымыздың тарихына терең үңіле білсек, жасынан жарқыраған күміс көмей әнші, жау жүрек батыр, нар тұлғалы палуан елі мен жері үшін аянбағаны баршаға мәлім. Ендеше көкірек көзімен тарихты тамырынан тамшылата жас ұрпақ зердесіне зерлей, шырайлы сөзбен кестелей таныту ата – ана мен ұстаз – тәрбиеші шеберлігіне байланысты.

Мен оқушы қалпымнан кішіпейілділік, қайырымдылық, мейірімділік, ізеттілік, инабаттылық, әр істі тиянақтылықпен орындап, жауапкершілікпен қарау, үлкендерді сыйлау, тағы да осы секілді асыл қасиеттерді бойыма жиып, тиімді жұмыс жасай білуге дағдыландым.

Менің кеудемде дамылдаған жүрегім бір сәт те тоқтамай соғады, демек ол туған жерінің ауасын, табиғатын сүйеді. Ал ол жүрек – менің өмірім, менің Отаным. Еліміздің Әнұранын айтуға даярланған сәтте менде ерекше сезім пайда болады. Тіпті сөзбен айтып жеткізе де алмастаймын. Өн бойым қуанышқа толып, көзіме еріксіз жас келеді. Сол демдегі ой «Мен неткен бақытты адаммын!» деп іштей жаңғырып тұрады. Неге, өйткені мен тәуелсіз Қазақстан атты елде тұрамын. Белгілі орыс ақыны, жазушы Илья Эренбург «Қазақтар иен далада жел жетпес жүйрік мініп дағдыланған, ал бірақ қажет болса, олар еңбектей де біледі, жүгіре де біледі, биік тауларға өрмелеп те шығады, саз балшыққа малшынып та жата алады. Оларды ешкім де, ештеңе де тоқтата алмайды», - деп, қазақ халқына сипаттама береді. Бұл сөзден қазақтың қайсарлығы, батырлығы, батылдығы көрінеді. Не нәрседен болса да қаймықпай, ерлік істер көрсете білетіндігі байқалады. Осыншалық қайсар халықты мақтана да, марқая да айтсақ болады емес пе?!

Мен өз елімнің патриотымын, себебі мен Отанымды, туған халқымның тарихын, ана тілін, салт - дәстүрін, Ата Заңын құрмет тұтамын. Халқымның рухани құндылықтарын, мәдениетін, тілі мен дінін, дәстүрін одан әрі жаңғырту жолында өз үлесімді қосамын. Өнегелі де өнерлі, адамгершілік ар – ождан жоғары намысқой азамат тәрбиелеуде еш аянып қалмасым анық.

«Барлық халық пен ұлт барлық ұлы және тамаша нәрселерді жасауға қабілетті, әрбір азамат өз ұлтын сүюге тиіс және өз ұлтына деген терең сүйіспеншілігі мен мақтаныш сезімі арқылы басқа ұлттарды танып, құрметтеп, оларды сүйе білуге тиіс»

деген еді ұлтымыздың мақтанышы, ұлы патриот атамыз Бауыржан Момышұлы. Бұл сөздің астарында өз ұлтыңды ерекше сүй, сол арқылы өзге ұлтты сүюге үйрен деген ой жатыр.

ҮІІ. Менің сүйікті Қостанайым!

Менің сүйікті Қостанайым! Дүние жүзіндегі ешбір жер менің қымбат, ең асыл мекеніме жетпейді. Адамдар сүйікті қалам деп туып - өскен жерін айтады. Қостанай қаласы Тобыл өзенінің бойында орналасқан. Қала 1879 жылы салынған. Қаланың негізін қоныс аударылып келген орыс және украин шаруалары қалаған. Соңғы жылдары жаңадан бірнеше зауыттар мен фабрикалар салынды.

Менің қалам Қазақстан қалаларының ішіндегі ең әдемі, ең таза жерлердің бірі. Ол жап-жасыл ағаштарымен, көк майса гүлдерімен көрікті. Қала көшелері сәнді орналасқан. Көшелерімізге атақты батырлардың, жазушылардың, ғалымдардың, ақындардың аты берілген. Қаламыз тарихи жерлерге толы. Айтатын болсам, Ыбырай Алтынсарин атындағы мұражай мен кітапхана бар. Қазіргі уақытта қаламыз жылдан – жылға көркейіп келеді. Суығына қарамастан, қаламыздың тұрғындары өте қарапайым, жүректері мейірімге толы.

Қостанай - жастардың қаласы. Жастар үшін барлық жағдай жасалған. Қаламыздың көркею жастардың қолында. Сондықтан, менде өз үлесімді қосқым келеді. Ол үшін жақсы оқып, еліме қызмет ету- басты арманым. Мен өз қаламды мақтан етемін.

ҮІІІ.Болашақ-білімді жастар қолында

Еліміздің ертеңі, мемлекетіміздің жарқын болашағы білімді де, білгір жастардың қолында. Елдің ертеңгі сенімі де солардың мойынында. Қай заманда болмасын қоғамның қозғаушы күші – жастар. Осы ретте Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың: «Мен, сіздер, бүгінгі жастар ерекше ұрпақ екендеріңізді қайталаудан жалықпаймын. Сіздер тәуелсіз Қазақстанда өмірге келдіңіздер және сонда ержетіп келесіздер. Сіздердің жастық шақтарыңыздың уақыты – біздің еліміздің көтерілу және гүлдену уақыты. Сіздер осы жетістіктер рухын және табысқа деген ұмтылушылықты бойларыңызға сіңірдіңіздер», – деген сөзі мемлекет пен ұлт болашағы жастар болашағымен тікелей байланысты екендігін айқындайды.

Астанада «Жастар – халық бірлігі үшін» атты жалпы ұлттық форумда еліміздің әр түкпірінен келген тұла бойында отан сүйгіштік оты бар жас қыз бен жігіттер екі күн бойы қатарынан елдік парыз жөніндегі түйткілді мәселелерді ой таразысына салды. Жасыратыны жоқ, республикамыздың барлық өңірлерінде жастар белсенділігі күшейіп келеді. Олар әлеуметтік және қоғамдық өмірдің белортасынан табылып келеді. Форумда сөз сөйлеген Президент Әкімшілігі Басшысының орынбасары Мәулен Әшімбаев Елбасының Қазақстан жастарына деген сенімі жоғары екендігін, бүгінгі қыз-жігіттеріміздің интеллектуалдық белсенділігін жоғары бағалайтындығын жеткізді. – Алдағы уақытта тәуелсіздігіміздің тамырын тереңдетіп, Қазақстанды іргелі мемлекетке айналдыру сіздердің қолдарыңызда, яғни, болашағымыз жастардың жауапкершілігінде, – деді Мәулен Әшімбаев. – Сондықтан жастар қауымы уақыттың кез-келген сынағына дайын болып, бәсекеге төтеп беру керек. Санасы сергек, замандық технологияларды меңгерген Отанымыздың нағыз патриоттары ғана осындай сынақтардан сүрінбей өте алмақ. Бүгін елімізде жастар саясатына үлкен көңіл бөлуде. Жастар саясатына қатысты

сан түрлі пікірлер мемлекеттік шеңберде, халықаралық дәрежеде талқылануы – оның қоғам өмірінде айтарлықтай маңызды орын алатындығын аңғартады. Статистика агенттігінің жүргізген мониторинг қорытындысы бойынша мемлекетіміздегі адам санының 4,5 миллионнан астамы жастардың үлесінде. Бұл дегеніміз жалпы халықтың 30 пайызы жастар деген сөз. Ендеше, еліміздің ертеңгі болашағы жастардың бүгіннен бастап, қандай тәрбие алуы мен отан сүйгіштік қасиеттің дамуы аса маңызды. Ең әуелі жастар бойында рухани-адамгершілік, саяси интеллектік, құқықтық тәрбие басым болғаны жөн. Екі күнге созылған бұл жиынға республика облыстарынан 300-ге тарта жастар келді. Бір қуанарлығы, аталмыш форумда белсенді қазақ жастарының басы қосылып, жұртшылық алдында сөз сөйлеген жастарымыз ұлтаралық татулық пен қазақ халқының мәдени және тілдік ерекшеліктерін сақтай отырып, ұрпақтар сабақтастығын жалғастыру керектігі туралы айтты. Сонымен қатар, форумға қатысушылар патриоттық тәрбие, тарихи-мәдени құндылықтарды құрметтеу, жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруды насихаттау секілді ұсыныстарды ортаға салды.

Жастарымыздың бойында елжандылық, азаматтық пен адамгершілік сезімдері жан-жақты жетілгенде ғана патриотизм парасаты асқақтай түспей ме? Халқымыздың бойындағы патриоттық құндылық ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырғандығы тарихтан мәлім. Форумда осы бағытта әңгіме қозғаған Білім және ғылым министрі Жансейіт Түймебаев көршілес Қырғыз елінің бірлігі бұзылып, ынтымағы шайқалып, тоз-тоз болуын мысалға ала отырып, жастарды жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның жасампаз үлгісін жаңғырта беру мақсатында жаңа ғасырда еліміздің интеллектуалдық элитасын қалыптастыруға, мемлекетіміздің басты игілігі болып саналатын этносаралық келісімді, татулық пен бірлікті қорғауға шақырды.

«Біз күш-қайратымызды, жастық жігерімізді тәуелсіз Қазақстанның дамуына жұмсаймыз. Ұлттық мүдде қағидасын сақтау мен ұлттық экономиканы көтеру – басты мақсатымыз» – бұл – форумдағы «Тарлан – Атырау» жастар қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Жасұлан Бейсенбиевтің айтқан сөзі. Халық алдында берген ант – серт сияқты сезілген осы бір ақиқаттың алдаспаны бас қосуға жиналған әрбір жастың жүрегінде дүрсілдеп соғып тұрғандай сезілді, бізге.

Форумға қатысушы жастар Мемлекет басшысының жүргізіп отырған ішкі және сыртқы саясатын қолдайтындығы туралы арнайы үндеу қабылдады. Заманның заңғар тұлғаларының бірі – Міржақып Дулатов: «Алыстан алаш десе, аттанамын, қазақты қазақ десе, мақтанамын», – деп айтқанындай арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты жастарымыз жаңа идеяларды жүзеге асырып, өміршең істердің бастауында тұрғанда бүгінгі жас ұрпақпен мақтанғанымыз да дұрыс шығар.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Егеменді Қазақстан» газеті, 2016 жыл, №12
2. <https://massaget.kz/blogs/8073>
3. «Айгөлек» журналы: 2016 жыл, №3
4. «Ұлан» журналы: 2015 жыл, №10
5. https://infourok.ru/sochinenie_el_bolashay_zhalyndy_zhastar-153013.htm
6. «Қостанай таңы» газеті, 2016 жыл, №24
7. «Я патриот своей страны»: -Алматы, 2015 г.
8. «Сыр бойы» Қызылорда облыстық газеті, 2017 жыл, №18
9. <https://baq.kz/kk/news/regmedia/regmedia-50837>
10. «Егеменді Қазақстан» газеті, 2017 жыл №25